



ASTANA
INTERNATIONAL
UNIVERSITY

8-тақырып. Әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар.

Аға оқытушы: Сеилханов Ж.Д.



1-Сұрақ. Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екендігін жоятын мән-жайлардың түсінігі және түрлері

Әрбір азаматтың конституциялық борышы – қоғамдық қатынастарды қылмыстық құқық бұзушылық жолмен келтірілген зияннан қорғау. Осы міндетті жүзеге асыруда жеке адамға, қоғамға, мемлекетке қарсы бағытталған іс-әрекеттерді дер кезінде тыюдың, тойтарудың маңызы ерекше. Қоғамға қауіпті іс-әрекетті тойтаруда, оның зияндылығын тыюда, сол қауіпті төндірген адамға материалдық, моральдық және басқа да зиян келтірілуі мүмкін. Мұндай әрекеттер формальдық жағынан алғанда Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің жекелеген баптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамына жатуы мүмкін.

Бірақ та бұл әрекеттер белгілі бір жағдайларда *қылмыстық, құқық бұзушылық болып табылмайды.*

Өйткені мұндай әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық материалдық белгісі болып табылатын басты белгі – қоғамға қауіптілік жоқ. Керісінше, мұндай жағдайларда, қоғамдық қатынастарға зиян келтіруге бағытталған қауіпті жою, тойтару қоғамға пайдалы іс-әрекет деп танылады.

Іс-әрекеттің қылмыс екенін жоюдың мән-жайлар:

- қажетті қорғану;
- аса қажеттілік;
- қолсұғушылық жасаған адамды ұстау;
- жедел-ізвестіру шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру;
- негізді тәуекел ету;
- күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу;
- бұйрықты немесе өкімді орындау.

Қажетті қорғану

Қылмыстық заңға сәйкес барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан құтылу басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады. (32-бап, 2-бөлік).

Қажетті қорғану жағдайында қолсұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтан қолсұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды делінген (32-бап, 1-бөлігі).

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қажетті қорғану жөніндегі заңдарда қолдану туралы» 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысына сәйкес:

«1. Қажетті қорғану – әр адамның өміріне, денсаулығына, мүлкіне, тұрғын үйіне, меншігіне және басқа да заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне қоғамға қауіпті қол сұғушылықтардан қорғануға ажырама конституциялық құқығы болып табылады. Осыған байланысты қаза келтіру де денсаулығына зиян келтіру бойынша істерді жүргізу кезінде ҚК 32-бабының қажетті қорғаныс және оның шектері туралы ережелеріне сүйене отырып, мақсат, себеп, кінә нысанын, қылмыстың жасалу тәсілін және әрекетті дұрыс саралауға қажетті басқа да мәнжайларды мұқият анықтау керек.

2. Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына, жынысына, жасына және басқа да жағдайларға қарамастан тең дәрежеде *қажетті қорғануға* құқығы бар. Бұл құқық адамға заңмен қорғалатын қандай объектіге қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасалғанына, ол объект қорғанушының өзіне немесе басқа адамдарға тиесілі екендігіне, сондай-ақ қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу не басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады.

3. Адамды қажетті қорғаныс жағдайында болды деп тану үшін *қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасалғанын және бұл қол сұғушылық оның осы қол сұғушылықты болдырмау немесе тойтарыс беру үшін шабуыл жасаушыға қаза келтіру немесе денсаулығына зиян келтірумен ұштасқан әрекеттер* жасауына себеп болғанын анықтау қажет.



Қорғануға байланысты қажетті қорғануды қолданудың заңға сыйымдылық шарттары.

Бірінші шарт. Қорғану заңда тура атап көрсетілгендей, тек әрекет күйінде жүзеге асырылады. әрекетсіздік өмірге, денсаулыққа, меншікке зиян келтірмейді, сондықтан да ондай қиянатқа тойтарыс берілмейді. Мазмұны жөнінен әрекет дене немесе мүліктік зиян келтіруден құралады. Денеге келтірілген зиян адам өмірін жоюға, денеге жарақат келтіруге да байланысты болуы мүмкін. Мысалы, С. деген адам маскүнемдіктің әсерінен үйде пышақпен пияз турап отырған К. деген өз әйелін сабап қана қоймай, оның мойнын бұрап, тұншықтырып далаға қарай сүйреген. К. өзін-өзі қорғау мақсатымен қолындағы пышақты күйеуіне қарсы жұмсауға мәжбүр болған, нәтижесінде күйеуі ауыр жарақат алып, ауруханада қайтыс болған. К-нің жағдайын сот қажетті қорғану жағдайында істелген әрекет деп тапқан.

Жолда келе жатқан Ж. деген азаматты М. деген адам шалып құлатып, қолындағы темір балғамен жанды жерінен ұрғылай берген. Ж. М-ден қорғану мақсатымен өзі құлаған жерден қолына түскен таспен қиянат келтірушінің басынан ұрып, оған ауыр дене жарақатын келтірген. Ж-нің әрекеті қажетті қорғану халінде істелген әрекет деп танылған.

Қажетті қорғану халінде қиянат келтірушіге оның мүлкін жою, бүлдіру, қирату арқылы да зиян келтірілуі мүмкін. **Мысалы:** Автобус ішінде отырған бір топ жас жігіттер магнитофонды барынша айқайлатып музыка тыңдаған. Автобуста отырған Жапсарбай деген азамат жастарға келіп, магнитофонды өшіріп, тыныштық сақтауды өтінген. Бұл өтінішке магнитофон иесі жауап ретінде оны одан әрі қаттырақ сөйлетіп, өзі де қарқ-қарқ күлген. Бұл әрекетке ыза болған Жапсарбай әлгі жас жігіттің қолындағы магнитофонды жұлып алып, жүріп келе жатқан автобустың ашық терезесінен тысқа лақтырып жіберген. Магнитофон қирап, іске жарамсыз болып қалған, ал Жапсарбайдың әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық емес деп танылған.

Екінші шарт. Қорғанушы зиянды қиянат келтірушінің тікелей өзіне (басқаға емес) келтіреді. Өйткені қажетті қорғанудың негізі қажетті қорғануды тудыратын қиянат келтірушінің өзі ғана болады. Ондай болса, қажетті қорғану сол қиянат келтірушінің өзіне тікелей қарсы қолданылады. Мұндай қиянат келтірушіге келген зиян мөлшері, түрі әр түрлі болуы мүмкін: қиянат келтірушіні өлтіру, денесіне әр түрлі жарақат салу, оның мүлкін жою т.б. Осыған байланысты заң күні бұрын қиянат келтірушіге келетін зиянға ешқандай шек қоймайды.

Үшінші шарт. Қиянат келтірушіліктен дер кезінде қорғану қажет. Қоғамға қауіпті әрекеттің басталған уақыты мен оның аяқталғанға дейінгі аралығындағы қиянат келтірушіліктен қорғануды жүзеге асыру дер кезінде қолданылған қажетті қорғану болып табылады. Қол сұғушылық аяқталғаннан кейін де қорғану әрекетін одан әрі жалғастыру кешіккен қорғану деп танылады, мұндай іс-әрекет қылмыстық құқық бұзушылықтың қатарына жатқызылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысының 24-тармағында «егер де зиян қол сұғушылықты тоқтатқаннан кейін немесе ол біткеннен кейін жасалып, қорғану құралының қажеттігі жоқтығы айқын болса және бұған қорғанушының көзі жетіп тұрса, ол қажетті қорғану жағдайында болды деп табылмайды. Мұндай жағдайда жасаған әрекеті үшін жауаптылық жалпы негізде қаралады», – делінген.

Төртінші шарт. Қарсы әрекеттің мақсатынан құралады. Ол қоғамдық қатынастарды оған зиян келтіруден қорғау болып табылады. Бұл туралы заңда қорғанушының немесе басқа адамның жеке басының құқығын, тұрғын үйді, меншікті, жер учаскесін, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделерін қоғамға қауіпті қастандықтан қорғау деп жалпылама аталған (32-бап, 2-бөлігі).

Қауіп төндірушіге қолданылатын қарсы әрекеттің мақсатының өзі осы қоғамдық қатынастарға зиян келтірмеу, зиян келтіруден сақтау, қорғау болып табылады.

*Егер қиянат жасаушылық кек қайтару, өзара есеп айрысудың қолайлы сәті ретінде пайдаланылса, мұндай жағдайда ондай зиян келтірушілік қылмыс болып табылады. **Мысалы,** Балбақ деген азамат өзімен араздасып жүрген Қарабай деген көршісінің баласын бақшасынан қауын үзіп жатқан жерінен ұстап алып, оны белбеумен ұрып тастайды. Баласының таяқ жеп жатқанын көрген Қарабай үйінде тығулы жатқан дыбыссыз атылатын мылтығын алып, оны оқтап, дәлме- дәл көздеп тұрып Балбақтың басынан атып, оны өлтіреді. Алдын ала және сот тергеуінде Қарабай Балбақтың баласын ұрып жатқанын сылтау етіп қолайлы сәтті пайдаланып, кек қайтару мақсатымен оны атып өлтіргенін мойындаған. Сот оның әрекетін қажетті қорғануға жатпайтын кек алу мақсатымен қасақана кісі өлтіру әрекеті деп тапқан.*

Қажетті қорғану шегінен асып кеткендік

Қылмыстық кодекстің 32-бабының 3-бөлігіне сәйкес, қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Бұлайша шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады. Қажетті қорғану шегінен шығып кеткендік қоғамға зиянды. Сондықтан да мұндай әрекеттердің қылмыстық жауаптылығы және жазасы заңға сәйкес нақты келтірілген зиянға байланысты шешіледі.

Жалған қорғану


Қажетті қорғанудан жалған қорғануды ажырата білудің маңызы да ерекше. Жалған қорғану деп қиянат келтірушіліктен жорамалды түрде қиянат келтіреді екен деп ойлап, оның байыбына бармай қорғануды айтамыз. Яғни, жалған қорғануда төніп тұрған қиянат, қауіп жоқ.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысының 7 және 8-тармақтарында: «Қажетті қорғануды жалған қорғанудан ажырата білу керек. Жалған қорғану кезінде қоғамға қауіпті қол сұғушылық шын мәнінде нақтылы болмайды, бірақ оқиғаның жағдайына қарай қорғанушының қол сұғушылық жасалды деп ойлауына негіз болып, осыған орай ол қол сұғушылыққа қарсы әрекет жасадым деп қате жорамал жасайды.

2-сұрақ. Аса (мәжбүрлі) қажеттілік

1.Қ Кодекспен қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажетті шектен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды (34-бап, 1-бөлігі).

Төнген қауіптің сипаты мен дәрежесіне және қауіптің жойылған жағдайына сөзсіз сәйкес келмейтін зиян келтіру заңмен қорғалған мүдделерге оларды сақтап қалғаннан гөрі көбірек зиян келуі аса қажеттіліктің шегінен шығуы болып табылады. Мұндай шектен шыққан зияндылық үшін тек қасақана әрекеттерде ғана жауапқа тартылады. Осы заңнан туатын қорытынды: аса қажеттілік деп: біріншіден, заң қорғайтын мүдделерге төнген қауіпті жоюға бағытталған әрекет, екіншіден, осы төнген қауіпті басқа амалдармен жоюға болмайтындай болса, үшіншіден, заңмен қорғалған мүдделері сақтап қалу үшін келтірілген зиян болғызылмаған зияннан кем болуы, төртіншіден бұл істелген әрекет аса қажеттіліктің шегінен шығып кетпесе, онда істелген әрекет қылмыс болып табылмайды.



Аса қажеттілікте қажетті қорғану сияқты заңды және қоғамға пайдалы іс-әрекет болып табылады. Бірақ та бұл екі институттың өзара өзгешеліктері бар. Қажетті қорғануда қауіпті қиянаттың көзі болып әр уақытта да адамның қоғамға қауіпті іс-әрекеті болады. Аса қажеттілік жағдайын қолдану адамдардың ғана іс-әрекетінен емес, сондай-ақ табиғат апаттарынан, міндеттер қайшылықтарынан да туындайды. Тіпті, қиянат жасаушыдан қашып құтылуға, басқа да көмек сұрау мүмкіндігі бола тұра қажетті қорғануды қолдану заңды болып табылады.

Аса қажеттіліктің заңға сыйымдылық шарттары

- төнген қауіпке байланысты;
- төнген қауіпті жою әрекеттеріне байланысты;
- қауіптің көзі;
- сан алуан болуы мүмкін (адамның әрекеті, табиғат күштері және т.б.) ← (бұны саналуан → сан алуан деп бөлдім)
- қылмыстық заң;
- қорғайтын кез келген объектіні қорғауға болады;
- қауіп нақты болуы қажет;
- зиян тек үшінші жаққа келтіріледі;
- келтірілген зиян аса қажеттілік шегінен шықпау керек, яғни келтірілген зиян;
- тойтарылған зияннан аз болуы қажет;
- қауіп анық (жалған емес) болуы қажет;
- зиян заң қорғайтын объектілерге тікелей төнген қауіпті басқа амалдармен жою мүмкіндігі болмаған жағдайға байланысты келтіріледі.

3-сұрақ. «35-бап. Жедел іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру»

Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын бұл мән-жай Қазақстан Республикасында Қылмыстық кодексінің 35-бабында көрсетілген.

1. Уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерінің не осы органмен ынтымақтасып жұмыс істейтін өзге адамның осындай органның тапсырмасы бойынша, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жедел іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын орындау кезінде жасаған, осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген іс-әрекеті, егер бұл іс-әрекет адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды болғызбау, анықтау, ашу немесе тергеп-тексеру, барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, оларды әшкерелеу және жолын кесу мақсатымен жасалса, сондай-ақ егер құқықпен қорғалатын мүдделерге келтірілген зиян көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар келтіретін зиянға қарағанда аздау болса және егер оларды болғызбауды, ашуды немесе тергеп-тексеруді, сол сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуді өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмаса, ол қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Жедел іздестіру іс-шараларының немесе жасырын тергеу әрекеттерін субъектілері Қылмыстық кодекстің 35-бабының 1-бөлігінде нақты атап көрсетілген.

Жедел іздестіру шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру:

- адам, қоғам, мемлекет мүддесіне қауіпті іс-әрекет бір топ, алдын ала сөз байланысқан топ, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық топ (қылмыстық ұйым) жасайтын қылмысты болғызбау, ашу, анықтау немесе тергеу мақсатына жүзеге асырылса;
- мұндай қауіпті іс-әрекет нақты орын алса;
- құқық қорғау мүдделеріне келтірілген зиян аталған қылмыстармен келтірілген зиянға қарағанда онша мәнді болмаса;
- мұндай қылмыс жасаған адамдарды өзге тәсілмен әшкерелеу мүмкін болмаса заңды болып табылады.



4-сұрақ. Қолсұғушылық жасаған адамды ұстағанда зиян келтіру.

Қолсұғушылық істеген адамды ұстау – қылмыстылықпен күресудің негізгі элементтерінің бірі. Сондықтан да қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қолсұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

Қолсұғушылық жасаған адамды ұстауға бұған арнаулы уәкілеттігі бар адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы бар (33-бап). Бұл – әркімнің қызметтік және азаматтық парызы. Қылмыскерді ұстау туралы қылмыстық құқық нормасы бұрынғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде 34-1-бабында арнайы көрсетілген еді. Осындай арнаулы заң нормасы Украина, Өзбекстан Қылмыстық кодексінде бұрын бар болатын. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы жаңа Қылмыстық кодексінде қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде істеген адамды ұстағанда оған зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды деп көрсетілген.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес қылмыс істеді деп сезіктенген адамды ұстауға мынадай негіздердің бірі болғанда ғана жол беріледі:

- а) бұл адамның қылмыс істеп жатқан үстінен шықса немесе қылмысты жаңа ғана істеп болған үстінен шықса;
- б) көзімен көрген адамды, соның ішінде жәбірленуші де қылмысты істеген осы адам деп тура көрсетсе;
- в) сезікті адамның өзінде немесе киімінде, өз қасында немесе үйінде қылмыстың айқын көздері табылса.

5-сұрақ. Негізгі тәуекел

Қылмыстық кодекстің **36-бабында** әлеуметтік пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін негізді тәуекел кезінде заңмен қорғалған құқықтық мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайтыны делінген. Бұрынғы Кеңестік Қылмыстық кодексте мұндай ұғым болмаған еді. Сондықтан бұл қылмыстық заңдағы жаңа институт болып табылады.

Егер әрекеттер қазіргі ғылыми-техникалық білімдерге сәйкес келсе, ал қойылған мақсатқа тәуекелге байланыссыз әрекеттерсіз жету мүмкін болмаса, және тәуекелді пайдаланған адам заң қорғайтын мүдделерге зиян келтірмеудің барлық мүмкін шараларын қолданса, тәуекел негізді деп танылады.

Егер ол адамдардың өміріне, денсаулығына көрінеу қатер төндіретін, экологиялық апатқа немесе өзге де зардаптарға апарып соқтыратын болса, тәуекел негізсіз деп танылады.

Заңға сәйкес негізді тәуекелге байланысты әрекеттер екі түрлі шартқа байланысты қылмыс болып табылмайды. Бұл шарттарды екі түрлі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа тәуекел әрекеттерін қолдануға негіз болатын шарттар, ал екінші топқа сол әрекеттің өзін сипаттайтын шарттар жатады.

Тәуекел әрекеттерін қолдануға медицина, ғылым, техника, мәдениет, шаруашылық саласы қызметінің тиімділігін жетілдіру қажеттілігі негіз болады.

Қажеттілік қоғам, мемлекет алдына қойылған маңызды міндеттерді шешуден де туындайды. Ғылым, техника, өнер саласында жаңалықтар ашу көп жағдайда әр түрлі тәжірибелерді игеру нәтижесінде жүзеге асады.

Қылмыс болып табылмайтын тәуекелді қолдануға байланысты шарттар да теорияда бірнеше түрге бөлінеді. Оның бірінші шарты – кәсіби тәуекелді жүзеге асыру, яғни кәсіпке байланысты дәрігерлік, ғылыми, технологиялық, техникалық қызметтерге байланысты жұмысты жүзеге асыру. Екінші шарт – негізді кәсіби тәуекелді қолдану арқылы заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірмеу. Үшінші шарт – негізді тәуекел ақталған болуы керек.

6-сұрақ. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу

Қылмыстық кодекстің 37-бабының 1-бөлігінде сәйкес, егер күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды делінген. Бұрынғы қолданылған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 36-бабында мұндай норма тұңғыш рет арнайы көрсетілген еді. Ұзақ жылдардағы сот-тергеу тәжірибесі көрсеткендей, күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам қоғамға қауіпті іс-әрекет жасап, азаматтар мен ұйымдардың заңды мүддесіне зиян келтіреді. Жаңа 2014 жылғы Қылмыстық кодекстегі арнаулы норма күштеп мәжбүрлеудің салдарынан болған әрекеттің заңдылық салдарына баға берген. Осы нормаға сәйкес, мұндай жағдайда істелген іс-әрекет қылмыс болып табылмайды деп тура көрсетілген.

Мысалы, далада келе жатқан жүргізушіні қарақшы тоқтатып, көліктен алдап сыртқа шығарып, ұрып-соғып, қорқытып ұрланған бір жылқының етін қыстаққа апаруға бұйырған. Немесе бір топ бандиттер Сақтық банкіне шабуыл жасап, күзетшіні атып өлтіріп, кассирге пышақ кезеу арқылы қорқытып, сейфтегі ақшаны тонап кеткен. Міне, осында келтірілген мысалдардағы жүргізушінің немесе кассирдің әрекеті қылмыс болып табылмайды, өйткені олар іс-әрекетті күштеп мәжбүрлеу салдарынан өз еріктерінен тыс, іс-әрекеттерін басқара алмайтын жағдайда істеп отыр.